

"Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1911-ХІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 137 Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 20.06.1997 № 137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы* Z931100_1993 жылдың 1 ақпанынан күшіне енгізіліп, бұрын белгіленген зейнетақылар 1993 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша зейнетақы есептеу кезінде еске алынатын тиісті категориядағы қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерге, басшы және қатардағы құрамының адамдарына белгіленген ақшалай ризық деңгейіне сүйеніп, осы Заңның нормалары бойынша қайта есептелетін болсын. Соның өзінде егер бұрын тағайындалған зейнетақы осы Қаулы ескеріліп күшіне енгізілетін Заңда белгіленгеннен көп мөлшерде төленетін болса, зейнетақы төлеу зейнеткерде оны өсіру құқы пайда болғанға дейін бұрынғы мөлшерде сақталады.

*. Ескерту. Бұдан былайғы баяндауда - Заң

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі: "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану тәртібі туралы қажетті нормативтік актілер қабылдасын. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасы мүшелеріне бұрын тағайындалған зейнетақыларды 1993 жылдың 1 ақпанынан бастап қайта есептеу тәртібін анықтасын және осы Заңға сәйкес зейнетақыларды қайта есептеу, тағайындау және төлеу жөніндегі жұмыстардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, министрліктері мен ведомстволары әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен

қамсыздандыру мәселелері жөнінде бұрын шығарылған актілерді Заңға сәйкестендіретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын қабылданған заң актілерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін, басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты бөлігіне өзгерістер енгізу туралы заңдардың жобасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі кезекті сессиясының қарауына енгізуге тапсырылсын.

5. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заң күшіне енгізілгенге дейін Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, жоғары өкімет пен басқару органдарының шешімімен құрылған басқа да әскери жасақтардың әскери қызметшілерін, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарын зейнетақымен қамсыздандырудың қолданылып жүрген тәртібі сақталсын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Кеңесінің Төрағасы